

### Өзін-өзі басқару ұйымының президенттерін сайлау талаптары:

Сайлауға өз кандидатын 8,9,10 сынып оқушылары ұсына алады.

Сайлау екі кезеңнен тұрады:

- ❖ бірінші кезең - мектептің өзін-өзі басқару ұйымының президентін іріктеу бойынша комиссия назарына бағдарлама ұсыну,
- ❖ екінші кезең – үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу.

Президентті сайлау, бағдарламаны таныстыру, сайлау рәсімдері толық офлайн өтеді.

1. Үміткер болу үшін:

- ❖ 8-10 сынып оқушысы болуы қажет;
- ❖ Тәртіптік кеңеске түспеген, үлгілі оқушы болуы шарт.
- ❖ Сабақ үлгерімі екпінді немесе үздік болуы керек.
- ❖ Мектептің қоғамдық өмірінде белсенді болуы маңызды.

2. Үміткерлер **1 минуттан аспайтын** (максимум ұзақтығы) видеовизитка түсіреді. **Видеода:**

- ❖ Академиялық, спорттық, шығармашылық жетістіктер, хоббилары, тб туралы баяндалады;
- ❖ Қоршаған ортаның игілігі үшін мейірімді іс жасау (материалдық және материалдық емес қолдау көрсету: мысалы, қарттар үйіндегі ата-әжелерге көмектесу, қаңғыбас иттер үшін пана ұйымдастыру, аз қамсыздандырылған отбасылар үшін «азық-түлік корзинасын» ұйымдастыру)

3. Сайлауалды бағдарламасын ұсыну барысында (презентация жасау): Мектеп тынысындағы **БІР** өзекті мәселені шешу жолдары (барлық мектеп қауымдастығы мүшелері үшін, оқушылар мен мұғалімдер игілігіне пайдалы) ұсынылады (Мысалы, 16:00-ден соң оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оқушылар арасында «футболды» трендке айналдыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, IELTS, SAT тапсырмаймын деген оқушылардың көзқарасын өзгерту, тб.)